

**ЖШС «Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығы меңгеруші
жанындағы 2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 1

Шымкент қаласы

05.09.2023жыл

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.***
- 2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.***
- 3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.***
- 4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.***

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша орталық меңгерушісі Г.Е.Бейсеева құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі Д. Калменов жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Е.Бейсеева топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді орталық меңгерушісі балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. Барлық топ балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Ересек топ балалары қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сауат ашу ұйымдастырылған іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру орталық меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы орталық шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысы мен сабақ кестесін құру және оқу құжаттарының жүргізілуі орталық әдіскеріне жүктелсін.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып есептелінсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Бейт

Г.Е.Бейсеева

Сейт

Б.А.Сейткәрім